

Жария сервитутты белгілеу туралы

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімдігінің 2022 жылғы 13 маусымдағы № 35/05 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 17-бабының 1-1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Ақтоғай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Genesis project" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қазбаларды барлау үшін, жалпы көлемі 884,0516 гектар жер учаскесін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай 2027 жылдың 31 мамырына дейін жария сервитут белгіленсін.

2. "Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтоғай ауданы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Әбеуова

Ақтоғай ауданы әкімдігінің
2022 жылғы 13 маусымдағы
№ 35/05 қаулысына
қосымша

№	Атауы	Жария сервитут белгілеудің жалпы алаңы, га	Оның ішінде	
			ауыл шаруашылығы алқаптары, жайылым га	Өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері га
1	№1 учаске Н.Қайдарованың " Еркебулан" шаруа қожалығының жерлері (09-102-012-213)	202,9545	192,9545	10,0000
2	№2 учаске Н.Қайдарованың " Еркебулан" шаруа қожалығының жерлері (09-102-012-213)	160,0971	158,0000	2,0971
	№1 учаске У.Аримбаеваның " Алғабас" шаруа			

3	қожалығының жерлері (09-102-012-104)	66,8858	66,8000	0,0858
4	№3 учаске Н.Қайдарованың " Еркебулан" шаруа қожалығының жерлері (09-102-012-213)	219,8749	219,0000	0,8749
5	Ауданның жер қоры	7,1820	7,1820	0,0000
6	№4 учаске Н.Қайдарованың " Еркебулан" шаруа қожалығының жерлері (09-102-012-213)	199,5422	199,0000	0,5422
7	№1 учаске А.Шибиевтің " Екпін" шаруа қожалығының жерлері (09-102-012-154)	27,5151	27,5151	0,0000
	Барлығы	884,0516	870,4516	13,6000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ